«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАУ»

АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

19 қыркүйек күні Алматыда "Мемлекеттік тілді қолдау" акциясы ұйымдастырылды. Онда тәуелсіз Қазақстанда жетім баланың күйін кешкен қазақ тілінің бүгінгі жай-күйі сөз болды. Жиын соңында, әдеттегідей, ҚР Президентіне, Парламентіне, Үкіметіне және қазақ халқына ашық хат жолданды.

Қазақстан Республикасының Президенті **Н.НАЗАРБАЕВҚА,** Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің Төрағалары **Қ.ТОҚАЕВ** пен **О.МҰХАМЕДЖАНОВҚА,** Қазақстан Республикасының Премьер-министрі **К.МӘСІМОВКЕ** және **ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА**

Біз республикамыздағы қоғамдық қозғалыстарды, демократиялық, патриоттық партиялар мен жастар ұйымдарының, сондай-ақ зиялы қауым өкілдерінің басын біріктіретін «Тәуелсіздікті қорғау» халықтық демократиялық қозғалысының ұйымдастыруымен өткен «Мемлекеттік тілді қолдау» акциясына қатысушылар, көтерілген өзекті мәселелерді таразылай келе, мына жайттарды мәлімдейміз.

Қазақ тілі Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізбей тұрған шақта, яғни, 1989 жылдың 22-қыркүйегінде Мемлекеттік тіл мәртебесін иеленді. Алайда өткен 21 жылда Мемлекеттік тіл Қазақстан халқын біріктіретін, олардың басын қосатын негізгі факторға толық айнала алмады. Қайта Мемлекеттік тіл мәртебесі күн санап құлдырап, ал орыс тілінің қолдану аясы бұрынғыдан да кеңейе түсті. Басқасын былай қойғанда, іс қағаздары түгелдей мемлекеттік тілге көшірілген министрліктер мен құзырлы мекемелердің өздері соңғы кезде мемлекеттік тілде жолданған ресми хаттарға орыс тіліндегі мәтінін де қоса жіберуді талап ете бастады. Сол сияқты Қазақстанның барлық кітап дүкендерінде, кейбірінде 100 пайыз, кейбірінде 90-95 пайыз тек Ресей баспаларының өнімдері орын теуіп, қазақ тіліндегі кітаптар шетке ысырылды. Осы үрдіс жалғаса беретін болса, біз таяу уақытта өз ақпараттық кеңістігіміздің мүлде ажырап қалатындығымыз күмәнсіз. Сол сияқты біздің наразылығымызға құлақ аспай қабылданып кеткен Кедендік одақтың өзіндік зардабы да айқын сезіле бастады. Әзірге ол экономикалық тұрғыда көрініс бергенімен алдағы уақытта оның мемлекеттік тілге де, тіпті тәуелсіздігімізге де қауіп төндіретінін пайымдау қиын емес. Сондықтан бұл орайда да ойланар мәселелер жетерлік. Билік жетістік ретінде бағалаған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының да кемшілігі шаш-етектен. Ең бастысы, аталмыш бағдарламада мемлекеттік тілді өзге тілдермен теңестіріп қою ниеті байқалады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл екендігі мүлде аңғарылмайды. Егер бағдарламада қадап айтылғанындай орыс тілінің функциясы мемлекеттік тілмен тең сақталар болса онда қазақ тілінің мәртебесі ешқашан көтерілмейді. Бұл кезінде қоғамдық ұйымдардың табандылық танытуы нәтижесінде қол жеткізген, Президент қол қойған «Ел бірлігі» доктринасындағы «Барлық қазақстандықтар, әсіресе өскелең ұрпақ, мемлекеттік тілді меңгеруі қажет» деген талапқа тікелей қайшы келеді.

Бір мәселені айта кетуге тиіспіз. Билік алдыңғы жылы да, өткен жылы да, бұл жолы да «Мемлекеттік тілді қолдау» акциясын өткізбеуге мейлінше тырысып бақты. Қала басшылары былтыр да, биыл да біз «Мемлекеттік тілді қолдау» акциясын өткізетін күнге «Қала күнін» мерекелеуді дәстүрге айналдырып алды. Біз сұраған Алматыдағы Астана алаңы мен Ш.Уәлиханов ескерткіші маңындағы алаңды беруден бас тартты. Тіпті Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында келісім бермеді. Басқа амалымыз болмаған соң Медициналық университеттің залын алуға мәжбүр болдық. Сол 750 орындық залдың үштен біріндейі толмады. Себебі, биліктің өз құзырындағы жоғарғы және орта, арнаулы оқу орындарына, мектептерге, емханаларға, мекемелер мен кәсіпорындарға «Мемлекеттік тілді қолдау» акциясына қатыспау туралы жасырын тапсырма бергені белгілі болды. Акцияға Өнер Академиясы мен ҚазМҰУ-ден келген студенттер өздеріне жатақханадан шығуға тыйым салынғанын, М.Шаханов ұйымдастырып отырған жиынға бармау керектігі туралы үгіт жүргізіліп, декандарының «егер бұған құлақ аспайтындар болса, оқуларымен қоштаса берсін» деп күш көрсеткенін айтты. Кейбір жоғары оқу орындары декандарының акция өтетін жерді төңіректеп, өз студенттерінің келген, келмегенін бақылап жүргендері де әйгіленіп қалды. Міне, осылайша билік тарапынан жүргізілген айла-шарғылар Республикамыздың әр адамына азаматтық міндет боп есептелетін «Мемлекеттік тілді қолдау» акциясына келушілердің жолын кесті. Алайда біз оған мойымаймыз. Өйткені тілді, ұлтты қорғау ешкімнің жеке мүддесі емес.

Біз жыл сайын өткізетін «Мемлекеттік тілді қолдау» акциясында өз талаптарымызды билікке қайталап қоюмен келеміз. Бірақ олар әлі күнге дейін тіл жанашырлары көтерген мәселелер төңірегінде оң шешім қабылдаған емес. Билік тек бастауын «американдық ұлттан» алатын, көп ұлттан бір ұлт жасауға негізделген «қазақстандық ұлт» идеясы мен 1 млн. гектар жердің Қытайға жалға берілуінен ғана бас тартқандай болды. Өзге проблемалар сол күйі қалды. Сондықтан біз бұрын көтерілген мәселелерге жаңа талаптар қосып, қайта ұсынып отырмыз:

1. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алғанына 21 жыл толса да, әлі күнге дейін мемлекеттік тіл туралы арнайы заң жоқ. Мемлекеттік тілге деген мұндай немқұрайдылықты бізден өзге бірде-бір өркениетті елден кездестіре алмайсыз. Сондықтан Қазақстан Парламенті «Мемлекеттік тіл туралы» заңды биылдан қалдырмай қабылдауы тиіс;

2. Мемлекеттік тілді үштің бірі етіп әлсіретуге, орыс тілін де мемлекеттік тіл ретінде заңдастыруға бағытталған, қитұрқы саясат негізінде өмірге келген, балабақшадағы екі жасар нәрестеден бастап үйренуге міндеттелген «Үш тұғырлы тіл» саясаты «әркім бірінші кезекте өз анасын, өз ана тілін бойға сіңіруі керек» деген әлемдік ұстанымға және педагогикалық қағидаттарға қайшы келеді;

3. Мемлекеттің біртұтастығы мен қоғамдық бірізділіктің сақталуы үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-ші бабының 2-ші тармағы өзгертілуге тиісті. Яғни, «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі қазақ тілімен тең қолданылады» деген норма алынып тасталып, оның орнына «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ, өзге де қоғамдық емес ұйымдардың іс қағаздары тек қана мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілге ешқандай тіл теңестірілмейді» деген норма енгізілуі тиіс;

4. Мәдениет және ақпарат министрлігінің құрамында Тіл комитеті қызмет етіп келеді. Турасын айтсақ, министрлік аясындағы комитеттің құзыры қордаланып қалған Мемлекеттік тіл проблемаларын шешуге дәрменсіз. Сондықтан Мемлекеттік тіл агенттігін құруды ұсынамыз;

5. Еліміздегі қалалар мен елді-мекендерде түгелдей дерлік алабажақ жарнамалардан аяқ алып жүре алмайсыз. Олар орысша, ағылшынша, тіпті басқа тілдерде көрініс табады. Қазақшасы сауатсыз, сақау жарнамалардан көз сүрінеді. Мұндай мәнсіздікті және басқа да проблемаларды реттеу үшін Тіл инспекциясын құру қажет деп білеміз;

6. Мемлекет басшылары мен лауазымды қызмет иелері барлық отандық, шетелдік ресми кездесулерде мемлекеттік тілде сөйлеуге міндеттеліп, республика көлеміндегі мемлекеттік іс-шаралар, мемлекеттік тілде жүргізілсін. Мемлекеттік тілді білмейтіндер ілеспе аударма қызметін пайдаланатын болсын. Мемлекеттік тілді мойындамайтындар, оны оқып, үйренуге тырыспайтындар – мемлекеттік қызметке алынбасын;

7. Мемлекеттік тілді дамытудың инновациялық-технологиялық орталығын құру және қолданбалы тілмен айналысатын арнайы институт ашу да аса қажетті іс. Себебі, XXI ғасырда қазақ тілін ғылым-білімнің, экономиканың, банк жүйесінің, салық саласының (т.б.) төл тіліне айналдыру кезек күттірмейтін мәселе. А.Байтұрсынұлы атындағы институт теориялық іргелі ғылыммен айналысудан аса алмай отыр. Мемлекеттік тілді барлық салаға бір жүйемен ендіру үшін онымен арнайы институт айналыспай болмайды;

8. Тәуелсіз ел атанғанымызға 19 жыл, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алғанына 21 жыл толса да мемлекеттік тілде 24 сағат хабар тарататын бір телеарнаның болмауы елдігімізге сын. Билік үш телеарна ашуға уәде берді. Бірақ бұл да құрғақ уәж бола ма деп қауіптенеміз. Тіпті кейбір телеарналардағы қазақ тіліндегі хабарлардың көбі түн жарымына қарай ысырылған, немесе аударма ұзын-сонар кинофильмдер арқылы қазақ тіліне бөлінген уақыт есебінен толықтырылған. Бұл салада да егеменді мемлекеттің рухына сай жаңа көзқарас, жаңа өзгеріс қажет;

9. Бүгінгі таңда Қазақстанның ақпарат кеңістігін Ресейдің бұқаралық ақпарат құралдары он-он бес есе басымдықпен жаулап алғаны ешкімге құпия сыр емес. Кейде көкейде «Осы біз Қазақстанда тұрамыз ба, немесе Ресей Федерациясының қарамағына еніп кеттік пе?» деген сұрақ көлденеңдейді. Халыққа анда-санда елдегі шындықты айтып тұратын «31-телеарна» да Ресей алпауытына сатылып, егеменді ақпараттық тәуелсіздігімізге елеулі деңгейде көлеңке түсірді. Енді Қазақстанға келіп тарайтын 5 мыңнан аса Ресей газет-журналдарына қосылып, бұл арна да Ресей идеологиясын алға тарта бастады. Ақпараттық экспансияның салдарынан мемлекеттік тіл өрісі күрт құлдырады. Сондықтан Қазақстанның ақпарат кеңістігін басқа елдердің идеологиясын насихаттау мақсатында пайдалануға жол берілмесін;

10. Қазір әрбір мектеп бітіруші түлек қай тілде оқығанына қарамастан қазақ тілінен тест тапсырады. Алайда, орыс мектебін бітірген оқушы үшін ол тестің ешқандай құндылығы жоқ. Сондықтан мемлекеттік тілден тапсырылған тест барлық жағдайда ҰБТ нәтижесінде ескерілуі тиіс;

11. Шетелдегі қандастарымыздың тілі мен төл мәдениетін, салт-дәстүрін сақтау мәселесі жыл өткен сайын күрделеніп келеді. Билік оларға қамқорлық танытудың орнына, елім, жерім, тілім деп келген қазақтардың өзіне орыс тілін білу қажеттілігін алға тартуда. Бұл – мемлекеттік тілді мансұқтау әрі оралмандар құқығын аяқ асты ету болып табылады. Сонымен қатар олардың атамекенге оралуын едәуір деңгейде шектейді. Біз биліктің қандас бауырларымызға деген мұндай көзқарасымен келіспейміз;

12. Президент мырза, тіл саласындағы тартыс тым ұзаққа созылды. Қазір Мемлекеттік тілді дамыту, дамытпау, қазақ ұлтын сақтап қалуға тырысу, не тырыспау бір-ақ адамның, негізінен өзіңіздің ғана қолыңызда тұр. Егер Сіз таңертең тапсырма берсеңіз, түс қайта барлық облыстың әкімдері, барлық министрлер, аудан, мекеме басшылары іске кіріседі. Елдің бұған көзі анық жетті. Сондықтан да біз көтеріп отырған мәселенің дұрыс шешім табуы тікелей өзіңізге ғана байланысты.

▲ **САРАПТАМА**

ЖАҺАНДАНУ МӘСЕЛЕСІ
және
ЕУРОПАҒА ЖОЛ

Жаһандану бүгінгі таңда жиі қолданылатын ұғым. Ол дүниежүзілік экономиканың дамуына, жетілген компьютерлік технологияға, біріккен ақпараттық кеңістік құруға негізделген. Бүгінде жаңа әлемнің қоғамдық-саяси өмірінің саяси, әскери, экономикалық, мәдени және экологиялық салаларында өзіндік ерекше жағдай қалыптасты. Жаңа кезеңі ретінде – жаһандану үрдісі болып есептелді. Жаһандану ағылшын тілінің "qlobalizaton" ұғымының аудармасы болып табылады. Қоғамдағы әлеуметтік топтардың арасындағы айырмашылықты айқындап, адам, мәдениет, тіл, білім, рухани-адамгершілік даму, халықаралық қатынастарға әсерін тигізіп отыр. Сонымен қатар бұл мәселе БҰҰ Бас Ассамблеясының сессияларында, «Үлкен сегіздік» елдері мен ЕуроОдақтың саммиттерінде, Бұқаралық Ақпарат Құралдарында, ғылыми конференцияларында жиі айтылады. Жаһандануды әкелуші АҚШ және Еуропа елдері екендігі белгілі. Сол себепті олар өмір сүру жағдайын қолайлы етуге көңіл бөлген мемлекеттер болып есептеледі және жаһандану алғашында тек материалдық құндылықтарға ие болуды көздеген. Ал қазір рухани-адамгершілік бағытынан айырылып, қатыгездік, өзге адам құқығын аяққа басу сияқты келеңсіз заңдылықтарға бағытталып отыр.

Жаһандану мәселесі өз мемлекетіміздің тәуелсіздігіне, Қазақстан халқының мәдениетіне, көпғасырлық дәстүрге, халық даналығына әсер етуде. Еліміздің дамуының өзгеше ерекшеліктерінің бірі, оның болашаққа ұмтылысы болып табылады. Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде жастар саясатына ерекше көңіл бөлуде. XXI ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, қозғаушы күш деп айтқан болатын. Тарихпен дәлелденген мәселе ретінде – жастар кез-келген мемлекеттің болашағы. Әлемдік өркениетке ену процесі жастардан іскерлік пен біліктілікті, ақылдылық пен парасаттылық талап етеді. Жастар саясаты – жарқын болашақ кепілі. БАҚ мәліметтері бойынша мемлекеттер «монолисттік» мәдениеттен «плюралистікке» көшу барысында, яғни плюралистік қоғамда жастардың, қоғамның құндылықтары өзгеруі және жоғалуы да мүмкін. Бұл мәселе жайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Сындарлы 10 жыл» еңбегінде айтып, шешу жолдарын жастар саясаты «Жастарды тәрбиелеу» құжатын жасады. Онда:

- Жастардың қоғамдағы өзгерістерге төтеп бере алуы, бейімделуі;
- Техникалық прогреске, ғылым мен білім жүйесіне конструкциялық бақылау жасай алуы;
- Қоғамнан оқшауланудан күресу, өзінің жеке тұлға ретінде қажеттігін сезіну, өзін қоғамға мойындату;
- Командалық жұмысты бағалау және дамуына үлес қосу, – деп атап көрсетеді.

Елбасы Жолдауында ел жастарына үлкен сенім білдіріп, үміт артып отыр. Осыдан тағы бір мәселе туындайды, ол – білімнің сапасы. Қазіргі заманғы білім беруді және білікті кадрлар даярлау жүйесін дамыту керек. Бұл саладағы реформа Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабіреттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Елбасының жаһандандырудың оң және теріс әсерін салыстыра келе, оны салмақты, жүйелі басқару қажеттілігін атап өткен. Расында да, әлем елдерінің арасындағы экономикалық алмасу, ақпараттық, адамдардың еркін қозғалысы арқылы жүзеге асырылатын жаһандану жағдайы еліміздің бәсекеге қабіреттілігін арттыру керек екендігін дәлелдеп беруде. Елдің экономикалық деңгейі, әлемдегі бәсекелестік орны оның адам капиталына байланысты болатынын айтқан-ды Президент. Бәсекеге қабіреттіліктің шешуші факторы ретінде ғылым мен білім, жаңа технологияларды атады. Ғылымды дамытуда ұсынылған Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру, Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдау болып табылады.

Алдыңғы онжылдықта жоғары технологиялар, жедел көлік жүйелері, энергия сақтаушы технологиялар заманы болатыны түсінікті. Президенттің білім мен ғылымға назар аударуы да даусыз. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабіреттілігін ілу елдің қатарына кіруіне, әлемдік қауымдастық еліміздің экономика мен саясаттың барлық салаларында терезесі тең әріптес ретінде қабылдауына, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруда үміт артқаны белгілі.

Қазір әлемде қоғамдық қатынастардың барлық салалары бәсеке жағдайында деп айтуға болады. Өйткені, әлемдік инфрақұрылымдары мен институттары, қызметтің жаңа бағыттарын қалыптастырды. Яғни халықаралық байланыстар жүйесінде «Үлкен сегіздік» саммиттерінде, үкіметтік емес ұйымдар мен Бүкіләлемдік сарапшыларының пікірталасынан бастап, халықаралық ұйымдардың жыл сайынғы жиналыстарында әлемдік тартыс-таластар орын алуда. Дүние жүзі ғалымдарының қазіргі әлем туралы пікірталастарының өзекті мәселесі ретінде мемлекеттік биліктің орны мен рөлі, болашақ тағдыры, даму жағдайы, жаһандану үрдісі сияқты аса маңызды мәселелер орын алуда.

Жаһандану жағдайы ғалымдар, саясаткерлер мен дипломаттардың алаңдаушылығын тудыртуда. Себебі, мемлекеттің ұлттық егемендік мәселесіне қауіп төніп тұр. Мұның бәрі Қазақстан мемлекетінің, қазақ халқының ұлттық мүдделеріне қайшы келетін ұстанымдар жиынтығы. Жаһандану, жаңару мен өзгерістер кезінде ең күрделі міндет – өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін, тұтастығын, экономикалық дербестігін сақтап қалу. Әлемдік трансұлттық компаниялардың, ұйымдар мен одақтардың саясаты мен мақсаты біздің ұлттық мүддеге қайшы келетіні жасырын емес. Сондықтан қазақ мемлекетін нығайту келешек президент пен парламент институттарының жауапкершілігін арттыру болып табылады. Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтқанда, Қазақ елін «олжалы жерде үлестен, ордалы жерде орыннан, жоралы жерде жолдан қалдырмау».

Жаңа білім, жаңа технология жүйесіне Қазақстанның ену жолдарының бірі – бейбітшілікті қолдау арқылы өркениетке қол жеткізу. Елімізде өткізіліп жатқан барлық реформалар нәтижелі болуы үшін адамдар құқығының сақталуын қамтамасыз ету, заң үстемдігін қалыптастыру, өркениетті азаматтық қоғам орнату керек. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы 2009-2011 жылдарға арналған.

Қазақстан биыл Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі еліміздің әлемдік қауымдастық алдында беделін көтеретіні белгілі. ЕҚЫҰ төрағалық стратегиясын дайындау мақсатында «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын қабылдадық. Бағдарламаның қажеттілігі мемлекетіміздің ішкі дамуына, тарихи қалыптасқан байланыстарды нығайту, технологиялық, энергетикалық, гуманитарлық және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдету, еуропалық интеграция, құқықтық реформалар тәжірибесіне сүйену арқылы өз мемлекетімізді дамыту. Мұндағы ең басты мақсат – Еуропа елдерімен қарым-қатынасымызды стратегиялық серіктестік деңгейіне жеткізіп, заңдарымызды Еуропалық стандарттарды ескере отырып, технологиялық басқару және институттық даму тәжірибесін алу. Осы бағдарламаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда стратегиялық әріптестік деңгейіне шығуын, Еуропа елдерімен тауар айналымы жыл сайын 10%-ға ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасалуын, Еуропа мемлекеттері және үкіметтері басшылары деңгейінде жыл сайын сапар алмасу, қазақстандық желілер панъеуропалық көлік жүйелерімен түйістіру аясында көлік жүйесін дамыту сияқты нақты бірлескен жобалар пайда болмақ. Оларды іске асыру осы жылдың шілде айында Париж қаласында Стратегиялық серіктестігі туралы келісімін іс жүзінде жүзеге асыруға келіскен болатын-ды.

Осы жерде ЕҚЫҰ жайлы мағлұмат бере кетсек, 56 мемлекет мүшесі болып табылатын ұйым БҰҰ Жарғысының негізінде дағдарысты жағдайлардың алдын алу, Еуропадағы түрлі кикілжіңдер мен зардаптарын реттеу үшін құрылған еді. Еліміз 1992 жылдан бері ЕҚЫҰ-ның тұрақты мүшесі болып, 1995 жылы ЕҚЫҰ-ның жанынан Вена қаласында Қазақстанның тұрақты өкілділігі ашылды. 1999 жылы ЕҚЫҰ мен ҚР Үкіметі арасында өзара түсініспік туралы меморандумға қол қойылды және Алматыда ЕҚЫҰ-ның орталығы ашылды. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету туралы ниетті еліміз 2003 жылы білдірген болатын. Елбасының 2005 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңғыру жолында» атты Жолдауында аса маңызды мән берген. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне 2005 жылы Қазан қаласында ТМД басшыларының саммитінде қолдау көрсетсе, ЕурАзЭҚ-тың 2006 жылғы тамыз айындағы бейресми саммитінде қолдайтынын мәлімдеген.

ЕҚЫҰ тұрақты төрағасының қызметтен бір жылға оның төрағалығына сайланған елдің Сыртқы Істер Министрі атқарады. Жалпы, ЕҚЫҰ-да төрағаны қосып есептегенде сегіз институт бар. Олар: Жоғары деңгейдегі кездесулер, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Басқару кеңесі, Тұрақты кеңес, Қауіпсіздік Жөніндегі ықпалдастық форумы, Парламенттік Ассамблея және Бас хатшы.

Осындай беделді ұйымға төрағалық ету Қазақстан секілді жас тәуелсіз мемлекеттер әлемге танымал бола түсуіне, халықаралық қоғамдастықтың ықпалды мүшесі болуға мүмкіндік туып тұр. Осы жол арқылы Қазақстанның өркениет жолындағы, адам құқығын, құндылығын қастерлеудің көрсеткіші. «Еуропаға жол» бағдарламасы өзара түсініктілік, сыйласымдылықты қажет етеді және Қазақстанның болашағы.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде ынтымақтастығын, қарым-қатынастарын белгіленген бағыты бойынша дамыта алады. Қазақстан өз тұрғысынан жаһандану заманының талабына сай реформалау шараларын жүргізбек.

Әрине, жаһандану проблемасы әрбір қазақты қатты ойландыруы тиіс. Осыған байланысты әлемде жаһандану проблемасы ғылыми сипатқа толы екендігін түсінуіміз тиіс. Өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, жаһандану мәселесі – адамзат үшін жаңа кезең. Бұл процесс алғашында экономика мен информатика салаларында, білім жүйесінде, мәдениет және т.б. салаларда пайда бола бастады. Қазір қазақ халқы үшін, Қазақстан үшін ең жауапты әрі шешуші кезең. Себебі, қазір жаһандану дәуірі басталып, онда ұлттың рухани мәдениетке аса үлкен көңіл бөлінуде. Осыған байланысты біздер ең бастысы, қазақ халқының рухани құндылықтарын сақтап қалу және одан әрі дамытуға тиіспіз. Рухани құндылықтарға – тіл, дін, салт-дәстүр, тарих, мәдениет, өнер, музыка жатады. Осы құндылықтарды сақтасақ, қоғамның рухани-имандылығына, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне әсер етеді. Өйткені, жаһандану тек ірі мәдениеттер өркениетінің, ұлттық құндылықтарының қақтығысы емес, сонымен қатар экономикалық қақтығыс. Экономикалық жағынан капитал, арзан шикізат көзі, жұмыс күші, экспортқа шығару тауарлар санын көбейту, инвестиция, несие беру сияқты мәселелер үшін күрес.

Дүние жүзінде ақпараттық, экономикалық алмасу, адамдардың еркін қозғалысы арқылы жүзеге асатын жаһандану жағдайында мемлекетіміздің тұрмыс деңгейін жоғары, ауқатты мемлекеттер қатарынан табылуы үшін оның бәсекеге қабіреттілігін арттыруы керек. Бұл орайда, жаһандық қоғам қазірдің өзінде қоғамдық құндылықтар жүйесі мен жоғары білім беру деңгейі бәсекелестігін тудыртып отыр. Мұндай құндылықтарды игеру үшін ғылым мен білім, жаңа технологиялар бәсекеге қабіреттіліктің шешуші факторларына айналатыны түсінікті. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы ғана білім экономикасына көтеріле алатынымыз, ол үшін жеке тұлғаны дамыту, үздіксіз білім алу қажеттігін айқын сезіне түсу керек.

Біз – жастар, мемлекетіміздің жаһандану жағдайында жарқын болашақ кепілі болатын, әлем өркениетіне ену процесіне жол салатын келешек жас ұрпақпыз.

Самал АҒАТАЕВА,
Алматы қаласы.